

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 6 ақпан N 137. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.29. N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

6

а қ п а н д а ғ ы

N

1 3 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың 2003 жылға арналған ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже 2003 жылға арналған республикалық бюджетте 713 "Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметкердің құнын субсидиялау" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Ауылшармині) көзделген қаражаттың есебінен және шегінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі - Су пайдаланушылар) су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялаудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Субсидиялар бұл қызметтерді жүзеге асыратын кәсіпорындарға (бұдан әрі - Су берушілер) су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын (шығындарын) ішінара өтеуге (арзандатуға) арналады.

3. Субсидиялар Су берушілерге Су пайдаланушыларға белгіленген суды пайдалану лимиті шегінде арзандатылған құны бойынша бөлінген жердегі нүктеге су жеткізу жөніндегі нақты көрсетілген қызметке және 2003 жылға арналған республикалық бюджетте ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді субсидиялауға көзделген қаражат мөлшері ескеріле отырып, төленеді.

4. Жеткізілген 1 текше метр суға бөлінетін субсидияның мөлшерін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен су беру жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін тарифтің 40 %-ы мөлшерінде белгілейді.

5. Субсидияланған (субсидия мөлшеріне кемітілген) тарифтер бойынша су жеткізу Ауылшармині аумақтық органы, Су беруші және Су пайдаланушы арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Субсидиялар төлеудің тәртібі және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтердің құнын мемлекеттік субсидиялаудың шарттары

6. Қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін суармалы жерлерді пайдаланумен байланысты Су пайдаланушыларға Су беруші су жеткізуді субсидияланған тарифтер бойынша жүзеге асырады.

7. Субсидияланған тарифтер бойынша су алуға тілек білдірген Су пайдаланушылар Су берушіге мынадай құжаттарды ұсынады:
су пайдалануға өтінімді;

жер пайдалану құқығына актіні (нотариалды түрде куәландырылған көшірмесін).

8. Су беруші 20 наурызға дейін алдағы суғару маусымына осы Ереженің 3, 4, 5, 7-тармақтарына сәйкес субсидияланған тарифтер бойынша су жеткізуге Ауылшармині облыстық аумақтық органымен және Су пайдаланушылармен шарттар жасасады. Егер Су пайдаланушылар вегетацияаралық (ылғалмен себезгілеу және сумен шаю) суғаруын жүзеге асыратын болса, онда шарт бұл жұмыстарды орындау басталғанға дейін жасалуы тиіс.

Шарт уақтылы ресімделмеген жағдайда Су пайдаланушылар табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тариф бойынша толық құнын төлеуді жүзеге асырады.

9. Су беруші берілетін судың көлемін, көрсетілетін қызметтердің құнын әрі су беру бойынша бекітілген тарифті көрсетіп, субсидияланған тарифтер бойынша

суғару үшін су алатын Су пайдаланушылар тізбесін облыс әкімінің ауыл шаруашылығы департаментімен (басқармасымен) және Ауылшармині облыстық аумақтық органымен келіседі және оны Комитетке ұсынады.

Комитет Су берушіге және Ауылшармині облыстық аумақтық органына жіберілетін, көрсетілген тізбені қарайды әрі бекітеді.

10. Су беруші су жеткізу жөнінде көрсеткен қызметтеріне субсидия алу үшін: ай сайын төрт данада - Су берушіге, Су пайдаланушыға, Ауылшармині облыстық аумақтық органына және Комитетке Су берушінің Су пайдаланушыға су жеткізу жөнінде қызмет көрсету актісін ресімдейді;

төлем құжаттарының нөмірлері мен төлем жүргізілген күнін белгілеп, су жеткізу жөніндегі ақы төленетін қызметтер бойынша Су пайдаланушымен салыстыру актісін ұсынады.

Бұл актілер негізінде Су пайдаланушылар бөлінісінде субсидияланған тарифтер бойынша су жеткізу жөнінде көрсетілген қызметтер көлемінің жиынтық тізілімі жасалып, ол Ауылшармині аудандық аумақтық органымен келісіледі және Ауылшармині облыстық аумақтық органына бекітуге жіберіледі.

Ауылшармині облыстық аумақтық органы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді және оларды бекітеді.

11. Ауылшармині облыстық аумақтық органы айдың есепті кезеңінен кейінгі 15-күнге ай сайын осы Ереженің 10-тармағына сәйкес жасалып, бекітілген жиынтық тізілімдер мен актілердің түпнұсқаларын Комитетке ұсынады.

Комитет ұсынылған құжаттарды тексереді және белгіленген тәртіппен есепті айдан кейінгі 25-күнге дейін республикалық бюджеттен қаражаттың түсуіне қарай субсидиялардың тиесілі сомаларын Су берушілердің есеп айырысу шоттарына аударады.

12. Комитеттің бұйрығымен мыналар бекітіледі: ұсынылатын үш жақты шарттың нысандары, субсидияланған тарифтер бойынша су тұтынуға өтінімдер, Су пайдаланушылардың тізбесі, суғару суын қабылдау-берудің ай сайынғы актісі және Су пайдаланушылар бөлінісінде су жеткізу жөніндегі іс жүзінде көрсетілген қызметтердің жиынтық тізілімі.